

8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні

QAZAQ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



YUNIVERSITETI

№9 (1718)
5 наурыз
2019 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

Ғалым МҰТАНОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры:

Құрметті ҚазҰУ арулары мен
аяулы ұстаздар!

Сіздерді көктемнің шуақты күні – әсемдік, әдемілік, мейірім күні – 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесімен шын шүректен құттықтаймын!

Осы бір тамаша көктем мерекесі әйел затына тән сұлулық пен нәзіктіктің мәңгі белгісіндей. Табиғаттың оянуы осынау шуақты мерекеден бастау алатыны да тегін болмаса керек. Ана – дүниедегі ең қымбат, ең қасиетті ұғым. Ұлт тәрбиесінде, тәуелсіз еліміздің өсіп-өркендеуінде, ғылым-білімде аналар мен аруларымыздың үлесі зор.

Ана – өмірдің гүлі, тіршіліктің негізі. «Ана бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген қанатты сөз бар. Ғажайып мерекенің көгілдір көктем мезгілімен тұспа-тұс келуі де жақсылықтың нышанындай. Бүгінде отбасының тыныштығын, береке-бірлігін сақтап қана қоймай, қоғамның әр саласында қызмет етіп, еліміздің өркендеуіне, өсуіне тікелей атсалысып жүрген аруларымыз қаншама. Қара шаңырақ ҚазҰУ-да ұрпақ тәрбиесімен, болашақ маман даярлаумен айналысуда ұстаз аналарымыздың орны ерекше. Олардың ұжым бірлігін арттыруда, мәдениетін қалыптастыруда, қызмет сапасын көтерудегі үлесі орасан зор. Сонымен қатар, отбасының ұйытқысы, берекесі болған аналарымыздың ұлтжанды, өнегелі, иманды ұрпақ тәрбиелеудегі еңбектері де ұшан-теңіз.

Аналарды құрметтеу, әйелдер күні ретінде елімізде игі дәстүрге айналған мереке әрқайсыларыңыздың шаңырақтарыңызға тек шаттық, жақсылық әкелгей! Өмірдің көркі болған аяулы арулар, ардақты аналар мерекелеріңіз құтты болсын! Сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, қызметте толағай табыстар тілеймін! Көркейіңіздер, биіктерді бағындырып, өсе беріңіздер!

«НЕВАДА-СЕМЕЙ» ҚОЗҒАЛЫСЫНА – 30 ЖЫЛ

ҚазҰУ-да «Невада-Семей» қозғалысының 30 жылдығына арналған ауқымды шара өтті.



Жиын жұмысына «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының президенті, Халық жазушысы әрі ақын, Қазақстанның қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов, Қазақстанның қоғам қайраткері, мәдениеттанушы-ғалым Мұрат Әуезов, антиядролық қозғалыстың ардагерлері Майдан Әбішев, Амангелді Мұстафин, Людмила Прус, Гүлдана Нұрпейісова, Күләш Басыбекова, Рүстем Тұрсынбаев, Валерий Жандаулетов, Гүлсім Сүлейменова, Виктор Инюшин, Эфим Зуслин, Зинаида Бегненко, Республикалық ұланының қолбасшысы Амангелді Шабдарбаев және ҚазҰУ-дың «Невада-Семей» жастар канаты мен белсенді студенттер, Алматы қаласының жастар ұйымының өкілдері қатысты.

«Невада-Семей» Халықаралық антиядролық қозғалыстың құрылғанына 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған жиында бас қосып отырмыз. Полигонда суда, ауада, жерастында барлығы 616 ядролық және термоядролық сынақ жасалған. Жарылыстың зардабы мыңдаған отбасыға тиді. Бұл үлкен тарих, бір жағынан өкінішті тарих, екінші жағынан болашақ үшін үлкен жақсы іс-шара деп ойлаймын. Өздеріңізге белгілі, ядролық қару үлкен саясат болғанымен, оның салмағын Қазақстан халқы өз мойнына алған. Әлі күнге дейін оның зардабын біз көріп, біліп келеміз. Қазір дербес, егеменді елміз. Бүгін «Невада-Семей» қозғалысының 30 жылдығы атаулы күн қара шаңырақ ҚазҰУ-дан бастау алып отыр. Біз үшін бұл үлкен мәртебе», – деді өз сөзінде ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов.

XX ғасырдың ғалымдары ядролық қаруды сынап көрді. Бірнеше елдің, соның ішінде атап өтсек, Англия, Германия,

АҚШ, Жапонияда да қолданыс тауып, ол елдің зардабына айналды. Қазақстанда атом сынағын өткізу үшін миллиондаған жер бөлініп, Кеңес одағы кезінде Семей полигонында сынақ жүргізіліп, ол стратегиялық объекті ретінде болды. Онда 600-ге жуық жарылыс жасалғаны белгілі. Қазақстандағы жарылыстың қуаты Хиросимамен салыстырғанда 2,5 мың есе асып түскен. Бүгінде соның салдарынан әрбір алпысыншы бала ауру, кемтар болып дүниеге келеді. Бұл адамзатқа жасалған қиянат.

Олжас Сүлейменов: «Бұл күн қозғалыстың туған күні. 1989 жылы желтоқсандық оқиғадан соң алғаш рет Алматыда сол кезде үлкен митинг болды. Сол митинг осы қозғалысты тудырды. «Невада-Семей» полигоны бұл екі егіз сияқты. Біз тек Семей дей алмадық, америкалық Неваданы қостық, екеуі де жер бетіндегі ең ірі полигон болатын. Кейін Жапониядағы Хирасимо қаласындағы жарылыста осы іспеттес. XX ғасырдың соңында, сол кезде «Демократияның қас-қағым сәті» болды, маған 10 минут тікелей эфирден уақыт бергенде мен бұндай сәтті мүмкіндік бола бермейтінін түсініп, ұтымды қолдануға тырыстым. Жер астында жарылыстар өткізіліп келген. Маған бір адам хабарласты, аты-жөнін айтпады. Ол өзін полигоннан алыс емес жерде тұратын адам деп, сонда жарылыс жасалып жатқанын айтып, балаларына, отбасына зардабы болатынына уайымдайтынын жеткізіп, өзі білген мән-жаймен бөлісті. Сынақ ауада жасалса, адамзатқа ешқандай соғыс керек емес. Сынақ 100 м жер астында жасалып келген. Қазақстан өзін құрбан етіп келді.

Жалғасы 2-бетте

КАЗНУ УСПЕШНО
ПРОДВИГАЕТСЯ В QS



2-бет

АЛҒАШҚЫ МЕДАЛЬ
ҚОРЖЫНДА



3-бет

ӘЛЕМ- АНАЛАР
ҚҰШАҒЫНДА



4-бет

ПЕКТОРАТ

«Al-Farabi University Smart City» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әлемнің дамыған тұсында кез келген оқу орны өзінше бағыт-бағдарымен алға ұмтылады. ҚазҰУ осы орайда жан-жақты әрі қарқынды дамып келеді. Соның бірнеше дәлелі ұсынылды.

Университеттің «Al-Farabi University Smart City» тұжырымдамасын жүзеге асыру туралы әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева өз баяндамасында 2013 жылы қабылданған концепция негізінде университетте атқарылып жатқан жұмыстарға нақты әрі кенінен тоқталды. Жаңа ұрпақ университетінің моделін келтіріп, ақылды университетті дамытудағы сатылар мен параметрлерін түсіндірді. Ғылыми-инновациялық платформа мен рухани-адамгершілік интеллектуалды платформасының бірігуі арқылы болашақта оқу орнының бейнесін айқын кескіндеп көрсетті. Алдағы жоспарларға байланысты проректор биылғы 85 жылдық мерейтой қарсаңында өтетін ақуымды іс-шараларға да көп көңіл бөлініп жатқанын ескерте кетті.

Тақырыпты тарқата кеткен деректерді талдау және өңдеу орталығының директоры Жаңыл Мамыкова кампустың автоматтандырылған қызмет жүйесімен толық таныстырды. Қазіргі таңда университет қалашығында wi-fi желісімен түгел қамтылған. Қауіпсіздік жағдайы, Кітапхана, «Кермет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, диагностикалық орталық, спорт кешені, демалыс орындары, оқу корпустары барлығы дерлік компьютермен жабдықталған. «Университетте студент дипломдық жұмысына қатысты зерттеу жүргізе алады. Жасалып жатқан жұмыс дамудың айқын көрінісі. Кампустың кез келген жерінен интернет қолжетімді. Студент өз оқу жоспарын жасай алады. Қазір ІТ технологиялар виртуалды оқу түріне тиімді екені расталып келеді», - деді Жаңыл Мамыкова баяндама барысында. Сонымен қатар қолға алынатын тұстарына да тоқталып, мультимедиялық

кабинеттер санын арттырып, техниканы жаңалау жағына да көңіл бөлінетінін айтты. ҚазҰУ-да жалпы саны 4200 компьютер бар «Компьютерлік парк» жұмыс істейді. Smart city дамуына келгенде барлық жағдай ескеріліп, мысалы, мүмкіндігі шектеулі және мүгедек жандарға да оқып, білім алуға жағдай жасалады. Smart кампусындағы оқу кеңістігінің эко дизайны ұсынылды. Онда жұмыс істеуге ыңғайлы, достығы жарасқан студенттік орта және табиғи таза аймақ қарастыралды. Осы орайда Ақпараттық технологиялар және инновациялық даму институтының директоры Ерлан Қыстаубаев өз ойын ортаға салып, университетті техникалық жабдықтармен қамтамасыз етуге жаңа заманауи құралдарды қолданысқа енгізу керектігін атап өтті. Университеттің smart city тұжырымдамасына оқу-білім бағдары бойынша нақты жобалары туралы оқу жұмысы жөніндегі проректор Аскар Хикметов атқарылған істердің мазмұны мен жобалармен таныстырды. Дамыған елдер қатарына, озық оқу орнының беткеуі болуда университеттің мекені, көгалдандыру жұмысы мен бірінші назар аудартағын келбеті екені белгілі. Осы тұста өндірістік қамтамасыз ету департаментінің директоры Ғимадиден Қанаев баяндамасы мәжіліс қатысушыларына ұсынылды. Баяндама барысында университетте алма бағы мен шиіе бағын ашылатыны айтылды. Барлық жоғары аталған мәселелер осы жылдық мамыр айының соңына дейін және келесі оқу жылының басталуы қарсаңына дейін екі кезеңде аяқталатыны айтылды.

Күн тәртібінде қаралаған екінші тақырып халықаралық білім беру бағдарламаларының жай-күйі туралы. Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Анар Жолдыбекованың хабарламасы қаралды. «Эразмус+» ЕО бағдарламасы, «Мевлана» алмасу бағдарламасы, «Орхун» академиялық алмасу бағдарламасы, «IAESTE» - өндірістік

тағылымдамадан өту үшін жаратылыстану ғылымдары факультеттеріне арналған, «АБАЙ ВЕРН» стипендиялық бағдарлама, Халықаралық білім бойынша американдық кеңестер алмасу, Университетаралық шарттар, Кампустың кампус және Жазғы мектептер туралы егжей-тегжейлі таныстырды. Халықаралық бағдарламалар университет ұстаздары мен студенттері үшін әлемге жол ашады. Тәжірибе мен білікті арттыруда таптырмас мүмкіндік болып отыр. Дамыған елдер білім көкжиегімен танысып, ҚазҰУ-дың білім саласын жақсартуда профессорлық құрам мен жас ғалымдар жинаған өз білімдерін оқу процесінде іске асырып келеді. Халықаралық ынтымақтастық департаменті әрбір жоба бойынша жаңалықтарды сайтта беріп, онлайн тіркелу жұмыстары арқылы уақытылы студенттерді хабардар етіп отырады. Осы арқылы көптеген болашақ мамандар шетелге барып, оқу-ғылымды менгеріп келіп жатыр. Мысалы, «Абай-Верн» стипендиялық бағдарламасы бойынша биыл 13 студент Франция елінің Лилль, Лотарингия, Париж-Сакле, Монпелье, Густав Рози университеттеріне жолдама алды. Жалпы академиялық мобильділік жыл санап артып, жоғарылап келеді. Сонымен қатар Анар Ергешқызы әрбір факультет пен кафедраны жеке қарастырып, халықаралық байланыс бойынша атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлармен таныстырды. Жиынды QS WUR by Subject 2019 рейтингісінің қорытындылары туралы стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшат Минажева ақпары тыңдалды. QS WUR by Subject 2019 рейтингісінде негізгі 6 бағыттың қандай пәндік облыстар енгенін атап, ҚазҰУ ұжымын кезекті жетістігімен құттықтады.

Өз тілшімізден

Жалғасы. Басы 1-бетте

«НЕВАДА-СЕМЕЙ» ҚОЗҒАЛЫСЫНА - 30 ЖЫЛ

Біздің қозғалыс Қазақстанның брендіне айналды. Қозғалысты қолдап 2 млн қолхат келді. Біз жоспардағы 18 жарылыстың 11 тоқтаттық. Қозғалыс жұмысы ол қоғамның жұмысы», - деді өз сөзінде.

Арнайы қонақ ретінде қатысқан Мұрат Әуезов те өз ойын жеткізіп, Олжас Сүлейменовпен бірге барлық полигон ошақтарын аралап, көзбен көріп, жойқын жарылыс болдырмау үшін еңбек еткендерін, қиындықтарға төтеп беріп, жедел нәтижеге қол жеткізгендерін айтты. Бүгінгі жастарға үлкен тарих екенін ескере отырып, көзбен көрген тарихи мәліметтермен бөлісті.







Жиында ҚазҰУ жастары атынан география және табиғатты пайдалану факультетінің докторанты, ҚазҰУ-дағы «Невада-Семей» жастар ұйымының төрайымы Гүлжанат Танабекова қозғалыстың жұмысы үшін Олжас Сүлейменов пен барша «Невада-Семей» қозғалысының ардагерлері мен мүшелеріне жастар атынан зор алғысын білдірді. «Биыл ядролық жарылыстардың тоқтағанына 30 жыл. Біз халықтың қандай азап шеккенін, андай қиындыққа тап болғанын сезінеміз. Өткен жаңғырықты, әртүрлі ауруларды өздеріне алған біздің жас ұрпақтан байқауға болады. Халықаралық антиядролық қозғалыс бізге үлкен үмітпен қарайды. Біз Қазақстанның жастары сіздердің идея-мақсаттарыңызды алға асыру үшін тынбай еңбек етуіміз керек. Жастар тарапынан «Невада-Семей» қозғалысының миссиясын дамытуда үлкен іс атқарылып жатыр. Күш-жігерімізді аяпай еңбек етуге дайынбыз», - деді Гүлжанат.

Кездесу соңында Олжас Сүлейменовке арнайы сый-сияпат беріліп, барлық жиналған қауым естелік суретке түсті.

Өз тілшімізден

КАЗНУ УСПЕШНО ПРОДВИГАЕТСЯ В QS

По итогам предметного рейтинга «QS World University Ranking by Subject 2019» КазНУ им. аль-Фараби первым среди университетов стран СНГ вошел в группу 51-100 лучших вузов мира по специальности «Современное языкознание», поднявшись сразу на 50 позиций. Всего в данный рейтинг вошли шесть специальностей ведущего казахстанского вуза.

TOP UNIVERSITIES					
Rankings > Discover > Events > Prepare > Apply > Careers					
University search:	Study Level	Subject of interest	Study destination	GO	
45		HUF - Hankuk (Korea) University of Foreign Studies	More	South Korea	<input type="checkbox"/>
=48		Tsinghua University	More	China	<input type="checkbox"/>
51-100		Al-Farabi Kazakh National University	More	Kazakhstan	<input checked="" type="checkbox"/> 4★ RATING
51-100		Beijing Normal University	More	China	<input type="checkbox"/>
51-100		City University of Hong Kong	More	Hong Kong	<input type="checkbox"/> 5★ RATING
51-100		Hanyang University	More	South Korea	<input type="checkbox"/>

КазНУ значительно улучшил свои прошлогодние показатели в QS «WUR by Subject 2019». Впервые в группу 201-250 рейтинга вошла специальность «Лингвистика», в группу 251-300 - «Правоведение» и «Английский язык и литература». Кроме того, специальность «Искусство и гуманитарные науки» заняла 339 место, а «Социальные науки и менеджмент» 364-ое.

Методология рейтинга строится на основе четырех ключевых показателей: академическая репутация, репутация среди работодателей, цитируемость научных статей и индекс Хирша. QS «WUR by Subject 2019» составлен с учетом мнения более 83 тыс. преподавателей, 42 тыс. работодателей, а также данных взятых из базы данных «Elsevier Scopus».

В данном рейтинге были проанжированы более 1200 университетов мира в пяти предметных областях: «Естественные науки», «Социальные науки», «Искусство и гуманитарные науки», «Наука о жизни и медицина», «Технические науки и инженерное дело».

Следует отметить, что КазНУ, следуя курсу трансформации в исследовательский университет мирового уровня, успешно продвигается в мировых рейтингах. Так, в 2018 году по результатам глобального рейтинга QS ведущий казахстанский университет занял 220 место в списке лучших вузов мира. Из стран СНГ в эту группу вошли только МГУ им. Ломоносова и КазНУ им. аль-Фараби.

Соб. корр.

Qazaq balalaryn bilim nárimen sýsýndatqan, kieli qarashañyraq QazUÝ-dyń zań fakýltetinde «Ashyq esik kúni» ótti.

Ұниверситет үшін дәстүрге арналған шараға білім беру мекемелері – мектептерден оқығандар, колледж студенттері, мұғалімдер мен ата-аналар келді. Келген қонақтарды заң факүлтетінің Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының меңгерушісі з.ғ.д., профессор Гүлнар Ұсейінова, кафедра ұжымы және заң факүлтетінің 3 кіріс студенттері қарсы алды. Іс-шараның салтанатты ашылу рәсімінде болашақ тұлғалар мен ата-аналар алдында заң факүлтеті деканының оқы жұмыс жөніндегі орынбасары, Ұлхан Ахатов сөз сөyledi. Ол университет жаулы мағлұматтар мен білім ордасының жетістіктерімен танастырды. Ашық есік күнін өткізудің басты мақсаты – мектеп оқығандарына факүлтетте бар мамандықтар, ғылыми зерттеу жұмыстары мен ар кафедраның ғылыми зерттеудегі бағытын түсіндіруге бағытталған. Одан басқа мектеп оқығандарына факүлтеттің атақты ғалымдарымен, студенттік өмірімен танасты.

V KazNÝ im. al-Farabi torjestvenno otkrylsia VIII mejdýnarodny konkýrs issledovatelskih rabot shkolnikov po mehanike i matematike imeni Ýmirbeka Joldasbekova.

V konkýrse primamayt ýchastie shkolnikov iz raznyh ýgolkov Kyrgyzstana, Tadjikistana, Azerbaidjana, Kazahstana i drýgih stran.

Sel konkýrsa - sovsheenstvovanie sistema organizatsii i infrastrýktyry issledovatelskoi deiatelnosti ýchashhhsia, vyavlenie shkolnikov, proiavlayshih interes i sposobnosti k issledovaniyam v oblasti matematicheskikh naýk.

Өмірбек ЖОЛДАСБЕКОВ атындағы байқау



ҚазҰУ-да Ө. Жолдасбеков атындағы ІХ халықаралық механика және математикадан оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының байқауы өтуде.

Дәстүрге айналған байқау атакты ғалым, көрнекті қоғам қайраткері Ө. Жолдасбековтің ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталды. Байқауға Қырғызстан, Тәжікстан, Әзірбайжан және Қазақстанның түрлі облыстарынан келген мектеп оқушылары қатысуда.

Алғы сөз алған ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов: «Өмірбек Жолдасбеков Қазақстан ғылымының дамуына өлшеусіз үлес үлес қосып, қыруар еңбек сіңірген тұлға. Ол осы оқу орданың іргетасын қалап, оны әлемдік деңгейге көтерді. Студенттерді даярлайтын жана мамандықтар, жаңа ғылыми-зерттеу орталықтар, зертханалар және ҚР Ұлттық Инженерлік Академиясының құрылуы Ө.Жолдасбековтің бастамасымен

жүзеге асырылды. Оның бүкіл өмір жолы өнегеге толы. Сондықтан да бүгінгі байқауға келіп отырған жас буын тұлғамызды әрқашан ардақтап, еңбектерін бағалап жүргендігінің бір ғана көрінісі», — деді ректор.

Сайыстың басты мақсаты — дарынды оқушыларды қолдау, олардың математика және механика ғылымдары саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылықтарын арттыруға бағытталған. Дәстүрге айналған халықаралық байқауда жас таланттар 3 күн бойы өздерінің әртүрлі ғылыми жобаларымен зияткерлік сайысқа түседі.

Баспасөз қызметі

ПЕРВАЯ МЕДАЛЬ УНИВЕРСИАДЫ

Студентка КазНУ им. аль-Фараби Жанбота Алдабергенова принесла в копилку Казахстана первую медаль на Всемирной зимней Универсиаде, которая проходит в городе Красноярске (Россия), завоевав бронзу.



Жанбота Алдабергенова — студентка юридического факультета, мастер спорта международного класса по фристайлу (акробатика на лыжах). Она является победителем международных и республиканских соревнований. В 2011 г. заняла первое место на Кубке РК, в 2012 г. завоевала бронзовую медаль на Кубке Европы в Раубичах (Беларусь). В 2014 году на Олимпиаде в Сочи она показала шестой результат. В 2015 г. стала серебряным призёром Чемпионата мира в Италии, была неоднократным призёром и обладателем кубков Европы.

XXIX Всемирная зимняя Универсиада проходит в российском городе Красноярске с 2 по 12 марта текущего года. В Универсиаде КазНУ представляют три студента в трех видах спорта — Жансая Адыханова (фигурное катание), Жанбота Алдабергенова (фристайл), Нурлыбек Бейсеев (шорт-трек).

Программа Универсиады включает соревнования по таким видам спорта как: биатлон, горные лыжи, керлинг, лыжные гонки, лыжное ориентирование, сноуборд, фигурное катание, фристайл, хоккей с мячом, хоккей с шайбой и шорт-трек.

Соб. корр.

ЖАПОН ТІЛІНДЕГІ ШЕШЕНДІК ӨНЕР

ҚазҰУ-да дәстүрге айналған Қазақстан бойынша жапон тілінен шешендік өнер сайысы болып өтті.

Қазақстандағы Жапония елшілігі, Қазақстан жапон тілі оқытушылары қауымдастығы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұйымдастыруымен өткен сайыс Жапония мен Қазақстан арасындағы тығыз дипломатиялық қарым-қатынастардың айғағы деуге әбден болады. Сайысқа Қазақстандағы жапон қауымдастығы, Қазақстандағы жапон кәсіпкерлері қауымдастығы, Қазақстан-Жапония адам ресурстарын дамыту орталығы, Жапон қоры демеушілік жасап, Жапонияның Цукуба университеті, “Теракоя” қоғамдық ұйымы, Sony Electronics компаниясы, қазақстандық “New & Rare Resources” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі зор қолдау көрсетті.

Шарада сөз алған ҚазҰУ ректоры Ф. Мұтанов ұйымдастырушылар мен демеушілерге алғыс білдіріп, сайыскерлерге сәттілік тіледі.

Сайысқа Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Қазақстан-Жапония адам ресурстарын дамыту орталығынан барлығы 10-нан астам сайыскер қатысты.

Сайыста Жапонияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Тацухико Касаи, Қазақстандағы жапон қауымдастығының төрағасы М. Хиросуке, Қазақстандағы жапон кәсіпкерлері қауымдастығының төрағасы М.Тошиаки және жапон тілі оқытушылары әділ қазылық етті. Байқау нәтижесі бойынша бас жүлде - Жапонияға жолдаманы ҚазҰУ студенті Балтабай Сандуғаш жеңіп алса, 2-ші орынды Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің студенті Сейфуллаев Ернұр, 3-ші орынды тағы да ҚазҰУ тәлімгері Тапеннова Гүлден иеленіп, Батырхан Құрмансейіт атындағы арнайы жүлдені Бақыткелді Сәулет жеңіп алды. Сайыс соңында басқа да орындар бойынша анықталған жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Баспасөз қызметі

Австралиялық профессордың дәрістері

Механика-математика факультетінде магистранттардың ғылыми қызығушылығы тұрақты ғылыми семинарлар өткізу арқылы шыңдалады. Семинарлардың баяндамашылары отандық және шетелдік ғалымдар болып табылады. Осы семестрде магистранттар, докторанттар мен оқытушыларда Жаңа Оңтүстік Уэльс университетінің профессоры (Сидней, Австралия) Ф.А. Сукочев дәріс курсының тыңдау мүмкіншілігі болды.

1994 жылы ол Оңтүстік Австралияның Флиндерс университетінде сабақ берді және 2008 жылы Жаңа Оңтүстік Уэльс университетіне ауысты. Қазіргі уақытта оның MathSciNet бойынша 165 мақаласы бар. Оның "Сингулярные следы: теория и приложения" кітабы (С. Лорд және Д. Занинмен бірге) 2013 жылы Де Грюйтерде жарық көрді. Профессор Сукочевтің ғылыми қызығушылықтары-коммутативті емес талдау, коммутативті емес геометрия және коммутативті емес ықтималдық болып табылады. Осы салалардан есептерді шешу жиі Банах геометриясының әдістерін қолдануды, атап айтқанда арнайы Банах торларын зерттеуді талап етеді. 2008 жылы оны Стилтьеске шақырды және 2012 жылы ол DORA сыйлығын алды.

Федор Сукочев күрделі пәнаралық проблемаларға жаңа талдау тәсілдерін іздеуде әлемдік көшбасшы болып табылады. Оның зерттеуі кванттық механикадан бастауын алған математика саласын қамтиды, онда коммутациялық коммутацияланбаған айнымалылармен ауыстырылады. Ол үш байланысты, бірақ әр түрлі салаларда халықаралық-танылған сарапшы болып табылады: коммуналдық емес талдау, коммуналдық емес геометрия және коммуналдық емес ықтималдық. Профессор



Федор Сукочев Білім министрі Симон Бирмингем жариялаған 17 австралиялық лауреат-стипендиаттардың қатарында болды. Оның жобалары иммерсивті визуализация зерттеулерімен байланысты, олар пайдаланушыларға әлемді басқалардың көзімен көруге мүмкіндік береді және физикалық әлемдегі күрделі мәселелерді шеше алатын серпінді математикалық әдістер. Профессор Сукочев, күрделі аналитикалық есептерді шешу үшін алгебралық тәсілдерді қолдану саласындағы әлемдік көшбасшы, әлемнің жетекші математикалық зерттеушілермен ынтымақтастықты бастады және екі жеке математикалық саланы құралдардың қуатты жаңа жиынтығына біріктіреді. Оның айтуынша, жобалардың нәтижелері Математикалық физика мен басқа да ғылымдардың алдыңғы қатарлы зерттеулеріне әсер етеді.

Профессор Ф.А. Сукочев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ механика-математика факультетінде "Double operator integrals" атты дәріс курсының өткізді. Дәрісте өлшеу теориясының, матрицалардың операторлары, Липшиц шарттары және оны қолдану, өлшенетін операторлардың симметриялық

нормасы тақырыптары қамтылды. Магистранттардың сұрақтарына жауап бере отырып, оның ғылыми қызметінің негізгі бағыты математиканың қалған бағыттарына байланысты екендігін атап өтті. Компутативті емес математиканың нақты бағыттары ретінде ол фракталды геометрияның, кездейсоқ матрицалардың теорияларының, кванттық акпарат теориясының мәселелерін баяндады. Профессор Ф.А. Сукочев өз мектебін постдокторанттармен және механика-математика факультетінің оқытушыларымен дамыта отырып, телекоммуникациясыз математика саласында одан әрі ынтымақтастық жоспарын белгіледі. Студенттер ғылыми-зерттеу жұмысын дамыту және жүзеге асыру үшін, білімдерін ұштау үшін университет үлкен мүмкіндіктер ұсынатынын түсінді.

Жанат ЖУНУСОВА,
механика-математика факультетінің профессоры;
Қарлығаш ДОСМАҒҰЛОВА,
механика-математика факультетінің магистранты

ҚазҰУ-да Эразмус+ жобасы аясында «Қалдықтарды басқару саласында онлайн оқытудың перспективалары» атты вебинар өтті

«Әйел-ана», «әйел-ұстаз», «әйел-жыр»

Құрметті, асыл аналар, ару қыздар, Сіздерді келіп жеткен көктемнің алғашқы мерекесі, 8-наурыз – халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймыз! Барлық тіршіліктің бастауы, қайнар көзі – аналар, арулар, қыздар. Бүгінгі мерекеде сіздерге зор денсаулық, жүздеріңізге күлкі, шаттық, отбасыларыңызға амандық, құт-береке тілейміз!



«Әйел-ана». Жарық жалғанда кез-келген адам баласына осы сөзден артық, осы сөзден ыстық сөз жоқ шығар. Дүниенің нұры, өмірдің гүлі, қызықтың қызығы – ананың қолында.

Ана бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді. Ананың алтын құрсағынан адамзаттың алабы жаратылған. Осы орайда орыстың ұлы жазушысы М.Горькийдің «...Дүниеде не жақсылық болса, соның бәрі ананың ақ сүті мен күннің нұрынан жаралған» деген сөзіне еріксіз иланасын. Тіпті, көк аспан да ана жәйлі терең ойға батып, үнсіз мөлдіреп тұрғандай сезіледі. «Сыйынатын болса өмірде күдірет, Сыйынар ем ана деген тәңірге»..., өмір бесігінде інгә тербетіп, адамзат баласына ұрпақ сыйлар ұлы күдірет иесінің есімі әрқашан да қастерлі, сөзі - өсиет, тұғыры әрқашан да биік!!!

«Әйел-ұстаз». Жұдырықтай жүрегіне жылылық пен ұлылық ұялаған әйелдер қауымы – өмірдің мәні, тіршіліктің сәні. Олардың қоғамдағы, жалпы адамзаттың өмірінде алатын орны ерекше. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, дүниедегі барлық жақсылық, ізеттілік, қайырымдылық, қарапайымдылық, адамгершілік ананың ақ

сүтімен, ананың ақ ниетімен тарайды. Қазақ тарихында дана, ақылына көркі сай, ержүрек аруларымыз көп болған. Бүгін де солардың ізін жалғастырып жүрген батыр-ғалым аналар да «қарусыз майдан» ғылым-білім жолында «инемен құдық қазғандай» тер төгіп, сол көштің ауыр жүгін арқалап жүр. Өзіміз ұстаздық қызмет атқарып жүрген заң факультетінің өзінде бүгінгі күні 88 әйел қауымы қызмет атқарады. Оның ішінде 7 ғылым докторы, 29 ғылым кандидаты, 9 PhD докторы, 24 аға оқытушы, 11 оқытушы, 8 жетекші маман құрайды.

Ғылымға қайталанбас қолтаңбасымен келген, бір ісі өзгелерден артық болған білікті басшы-аналар да жетерлік. Атап айтсақ, з.ғ.д., профессор Л.К. Еркінбаева, А.Е. Жатқанбаева, Р.Е. Джансараева, А.С. Ибраева, Г.Р. Усеинова, Д.М. Баймаханова, К.Н. Айдарханова және

т.б. Тәуелсіз Қазақстанның заң ғылымының дамуына қосқан үлестеріңіз бен еңбектеріңіз әрдайым ақтала берсін дейміз.

«Әйел-жыр». Бүгінгі күнге жеткізген әйел-ана күдіретін жырмен өрнектеп, әнмен әлпештеп, сөзбен айтып тауысу мүмкін емес. Сұлулықтың символы әйелдер қауымына ғашық болып, талай жыр арнаған ақын біткеннің бәрі. Осы орайда, ақын Жүрсін Ерман ағамыз:

«Қай жерде, мейлі, қай елде,
Әлемнің мәні – әйелде.
Мықтымын десен ойыңды,
Әйелге барып дәлелде.
Әйелсіз қонды бақ қашан,
Әйел деп түстік отқа сан.
Әлемнің тілін таппайсың,
Әйелдің тілін таппасаң!
Әйелмен құның өлшенер,

Құдайдан кейін сол – шебер.
Бақытты сен де болмайсың,
Әйелің сорлы болса егер.
Сырынды соған ашасың,
Шөлінді содан басасың.
Адамның күні – Әйелмен,
Әйелдер мәңгі жасасын!» – деп жырлайды.

Жүрсін аға жыр шумақтарынан әйел қауымының бір қолымен әлемді тербетіп, ғаламды бағындыратын мықты жан екендігін, әйелдің тілін таппай әлемнің тілін табу мүмкін еместігін, ердің басына бақыт әкелетін де, төрге сүйейтін де әйел екенін, тіптен, әйелдер қауымынсыз күннің қараң екендігін ақын тілімен жеткізе білген.

Ақын Талант Арғынғали да сұлулықтың символы – кіршіксіз нәзік жанға сезімді олеңмен былайша өрнектейді:

«Мұң шалса қабағыңды
Мен түгіл дала мұңды
Сен әлі тәп-тәттісің
Арманым бала күңгі.

Білсең де сезбеуші едің
Жанымның өртенгенін
Қоятын жіпсіз байлап
Не деген көркем едің?!».

...Иә, көктемдей көркем, еліктей ерке жандарға талай жыр шумақтары арналды да, әлі талай арнала береді де... Әйелдер мәңгі жасасын дейміз, мереке құтты болсын!!!

**А. ЕСЕКЕЕВА,
А. МОЛДАГАЛИЕВА,**
*кеден, қаржы және
экологиялық құқық кафедрасының
аға оқытушылары*

Көк желекті көктеммен бірге көңілге қуаныш сыйлай келетін аяулы аналарымыздың, әпкелеріміздің және жалпы алғанда барша қыз-келіншектердің төл мерекесі – 8 наурыз мейрамын бәріміз асыға күтеміз. Ер азаматтар бұл күні гүл, сыйлық дайындап, анасының, қарындасының, сүйіктісінің жүрегіне қуаныш сыйлауға асығады. 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі барлық Қазақстан азаматтары үшін ерекше күн болып табылады.

Көктемнің алғашқы мерекесінде қыс мезгілінің соңғы айы өтіп, ақ қарға көмкерілген даланың еріп, көптеген қызылды-жасылды гүлдердің шығуымен суреттеледі. Мереке күні ер-азаматтарыңыз сіздердің қандай еркеліктеріңізді болсын көтеруге міндетті. Бұл көктемнің шұғылалы мерекесі бір қолымен бесікті тербеткен, екінші қолымен әлемді тербеткен аналарымыз бен барша нәзік жандыларға арналған ерекше мерекелердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, орыс жазушысы Максим Горький: «Адамдар - әрқашан өз аналарының перзенттері. Ана болмаса ақын да, батыр да болмайды», – деген. Себебі ана-барлық дүниенің бастаушысы болып табылады. Ана сөзі қасиетті үш әріптен қаланған. Ана сенің сырласың да бауырың да досың да бола алады. Сен анаға, әкеңе жалпы ер-азаматтарға айта алмайтын сырларыңды бүкпей айтып, шер тарқата аласың. Себебі, ана барлығын түсінеді, саған бүкіл әлем қарсы болса

Әйел-аналар құшағында

да, жалғыз өзі жаныңнан табылатын сенімді серігің бола алады. Барша аналардың құрметіне арнап шын жүректен өлең жазған болатынымын:

Ана деген әдемі-ғой әрқашанда,
Біле алған жандарға дау табылама
Ана-деген дос, ана-деген сенімді серік
Адалдығы болмаса аңсарта ма,
Ару-кезең – әдемі, әрқашанда,
Өмір атты іздеген ән-сапарда,
Әр таң оған ерекше күліп келген,
Әр көктемнен ерекше үміттенген,
Зулайтынын осылай біліп пе ем мен
Мереке құтты болсын аналарда.

«Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды», – демекші расында да, анамыз барда жасымыз жүздің асуынан асса да, өзімізді әрқашан бейкүнә сәбидей сезінеміз. Небары үш-ақ әріптен құралған сөзде қаншама мән-мағына жатыр. Түн ұйқысын төрт бөліп, қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, әрдайым баласы үшін шыр-пыр болып жүретін анамыздың жұмақ иісі аңқыған, балдай тәтті ақ сүтінің алдында мәңгілік қарыздармыз. «Ананды үш рет Меккеге арқалап апарсаңда ақ сүтін ақтай алмайсың» деген халық даналығы бұл сөзіміңіз айғағы болмақ. Ана жайлы ойынды айтып тауысу мүмкін емес. Әркімнің өз анасына деген құрметі, махаббаты шексіз. "Ананның ақылы жүздеген ұстаз, мың сан мектептен артық тәрбие", – деген ұлағатты сөз бекерден



бекер айтылмаса керек. Себебі, қандай тәлім-тәрбие беріп, сені алтынмен аптап, күміспен күптеп қойса да, анаңның берген ақылы мен жылы алақанына ештеңе татымайды. Қорыта айтқанда, барлық адам баласы ана алдындағы перзенттік парызын өтеп, ақ сүтін ақтап, осы киелі жандардың бақытты болуын ойлау керек. Себебі, ең бақытты адам – анасы бар адамдар. Сондықтан да сіз амалдарыңыз жазылған жеке кітаптың авторысыз. Кітабыңыздың ұлы сот күні оқуға тұрарлық екеніне көз жеткізіп, ана – бақыт деген кітаптың бірінші парағы екенін ұмытпағайсыз. Себебі, Пайғамбарымыздың өзі, "бірінші ананды, екінші ананды, үшінші тағы да ананды сыйла" деген екен. Көктемнің алғашқы

мерекесінде міне осы, аналарымыздың мерекесі! Менің 8-наурыз Халықаралық әйелдер мен аналар барша нәзік жандылардың мерекесінде сіздерге тілер ақ тілегім – жүректіңіздің түбіне адамдардың жаман жақтарын емес, тек қана жақсы, адамгершілікке толы қасиеттерін естеріңізде сақтап, ешқашан жүздеріңізді мұң шалмасын. Қашанда айдай сұлу, күндей жылы жүздеріңізден нұр төгіліп, сүйікті де сүйкімді болып жүре беріңіздер!

Ұлнәзік КӘНІБАЙ,
*дүние жүзі тарихы, деректану және
тарихнама кафедрасының
3 курс студенті*
Толқын МУХАЖАНОВА,
т.ғ.к., аға оқытушысы

БІЛІМ БАСТАУЫ – ТӘРБИЕ

Оқу мен тәрбие қай кезде де бірге қарастыратын егіз ұғымдар, оларды әсте бөліп қарауға болмайды.

Тәрбиенің маңыздылығы жайлы сөз қозғағанда дана бабамыз Әбу Насыр әл-Фарабидың «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген даналық сөзіне тоқталмай кете алмаймыз. Ғұлама ғалым бұл сөзді бірнеше ғасыр бұрын айтса да, қанатты сөз әлі күнге өзектілігін жойған жоқ. Оған дәлел ретінде қоғамдағы түрлі жағдайларды, дәлірек айтсақ, адамзат қолынан жасалған, жасалынып келе жатқан сан алуан апаттарды санамалап кете беруге болады. Сонымен, тәрбиенің білім саласындағы, адам өміріндегі маңыздылығы жайында осы мақаламызда сөз ететін боламыз.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы «Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан. Әсіресе, олардың қайсысын көбірек жақсы көрсе, содан көп жұғады» деп осы үшеуінен баланың болашағы, алар өнегесі шешілетінін атап көрсеткен. Демек, оқытушы ұстаздардың да ұрпақ тәрбиесіндегі алар орны орасан зор. Мұғалімдердің де басты мақсаты – шәкірттеріне білім беріп қана қоймай, білім алушыларға оның өз өміріндегі орнын, атқаратын міндетін, қазіргі және болашақ ұрпақалдындағы жауапкершілігін түсінуіне жол ашу, өзіндік дара тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік жасау, қолдау көрсету болуы тиіс.

Түрлі зерттеулер мен деректерге сүйенсек, тәрбие үдерісі білім беру саласында өзіндік бағытты, мақсатты,

ұйымдастыру шеберлігін, түрлі әдіс-тәсілдерді қажет етеді. Қазіргі таңда еліміздің оқу орындарында қолданылып жатқан жанартылған білім беру бағдарламасының өзі де тәрбие жұмысымен айналысатын әр оқытушыдан білім алушыларды жеке даралыққа үйретуге, білім алушының шығармашылық қабілетін көрсете алуына, қоғамда тұлға боп қалыптасуына жол көрсетуін талап етеді.

Бүгінгі күнде психологтар айтып жүргендей, әр бала қара сия тамбаған ақ парақ секілді. Ақ қағазға көрсен көзің тоятын әсем жазулар түсе ме, әлде қараған адам ұқпайтын шимайлар түсе ме?! Бұл екі таңдаудың әрқайсысы отбасыдан бастау алып, балабақшада жалғасып, мектеп қабырғасында толығып, жоғары оқу орнына келгенде пісіп жетіледі. Әр тәрбиеші, мұғалім, оқытушы бала санасында, тәрбиесінде өзіндік із қалдырады. Халқымыз «Баланың бас ұстазы – ата-анасы» деген ұлағатты сөзбен тәрбиенің басы үйден басталатынын, әр қарай өмір жолында жалғасатынын атап көрсетеді. Ұрпағымыз жақсы болса, болашағымыз кемел. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, болашағымыз жарқын болуы бәріміздің де қолымызда екенін әсте ұмытпайық.

**Жәнібек СЕЙДУЛЛА,
Мұхтар ИСАТАЕВ,**

*жылуфизика және
техникалық физика кафедрасы*

БІЛІМДІ ЖАСТАР ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бастап жастар мәселесі еліміздің ең басты назарында болды. Жастар – XXI ғасырда еліміздің тұрақты дамуының кепілі. Білімді жастар – елдің болашағы. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың дәстүрлі Жолдауында жастарға ерекше көңіл бөлген. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында жастар мәселесі ескерісіз қалмады. Ел жастарының білім алуы әрі әлеуметтік жағдайы ауқымды түрде талқыланып, жан-жақты қолдау жолында 2019 жыл – «Жастар жылы» деп жарияланды.

Бүгінгі жастар – ертенгі кәсіби білікті маман, болашақ отбасының тірегі. Әрбір жас, қоғамда өз орнына ие болу үшін кез келген қоғамдық мәселеге бейжай қарамауы тиіс. Себебі патриоттық рух та, рухани ерік-жігер де ортамен араласуынан туындайды. Әсіресе, кейбір ұлттық мәселеге келгенде салмақты пікір, ұтымды ой білдіріп, өзіндік «менін» жоғалтпағаны абзал.

Жастар – қашанда креативті пікірге ие, қоғамның қозғаушы күші болмақ. Шыны керек, қазір жастар соңғы инновациялық технологияларды пайдалану арқылы халықаралық деңгейде әртүрлі жобалар ұсынып, сайыстарда бақ сынап, арнайы грант ұтып жүр. Ал оны ғылыми тұрғыда жүзеге асыру үшін қаржылық қолдау керек. Демек, озық идеялардан туындаған ұтымды жобаларға мемлекет тарапынан арнайы қаржы қарастырып, жүзеге асырылуына мұрындық болса нұр үстіне нұр болар еді. Ғылымды дамытамыз десек, әуелі инновациялық жобаларды мақұлдауға көңіл бөлген дұрыс. Осы арқылы жастарға данғыл жол ашумен қатар, бәсекеге қарым-қабілеті жететін жас ұрпақты тәрбиелейтініміз сөзсіз.

Жастарды салауатты өмір салтына бейімдеу өзекті мәселеге айналғаны рас. Қоғамның күшеюі, оның өзге де елдермен бәсекеге қабілеті ең алдымен денсаулыққа байланысты. Күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, дұрыс тамақтану, қоршаған ортаның тазалығына ден қою, зиянды әдеттерден арылуға тәрбиелеу біздің міндетіміз. Сондай-ақ, соңғы жылдары халық арасына ауыз сала бастаған түрлі дерт көп.

Оған шалдықпас үшін салауатты өмір салтын ұстанып, түрлі марафондар, конкурстық ойындар ұйымдастырылып, бұқаралық спортпен ауқымды түрде айналысуға ден қойылса, жаны таза, бойы да сергек, әлемді сүйе білетін өркениетті ұрпақ қалыптастыратын еді.

Ел ертеңі – білімді жастар. «Бұлақ көрсен көзін аш» дегендей, қазақ жастарына үлкен қолдау көрсету жарқын болашаққа бой түзеу деп білгеніміз жөн. Елбасы Н.Назарбаевтың 1993 жылғы 5 қарашадағы қаулысымен «Болашақ» халықаралық бағдарламасы жастарға жол тартты. Аталмыш бағдарлама шетелде білім алу, санат жетілдіру мақсатында құрылған халықаралық стипендия. Бағдарлама дүние жүзіне танылған қазақстандық брендке айналды десек, әсте өтірік емес. Бүгінде бағдарлама түлектері білім беру, ғылым және техника, денсаулық сақтау, мәдениет салаларында зор жетістіктерге қол жеткізуде. Бұл да еліміздің жастарына жасалып жатқан үлкен мүмкіндіктер. Қорыта келе, қазақ «білекті бірді, білімді мыңды жығады» – дейтұғын сөзі бар. Білекті емес, білімге сенетін заманда ой жарыстыруға ден қоялық. Үкілеген үмітті жастар ақтайды деп сенеміз!

Л. ЕРКІНБАЕВА,
*заң ғылымдарының докторы,
кеден, қаржы және экологиялық құқық
кафедрасының профессоры*

Мен ҚазҰУ-дың студентімін!

«...Қазақ университеті кеше де шоқтығы биік университет болған, себебі онда Әуезов сабақ берді. Қазақ университеті ертең де шоқтығы биік университет болмақ, себебі онда Әуезов сабақ берген...»

Иә, бұл Зейнолла Қабдоловтың сөзі. Мұқан деп көрсеткен Мұхтар Әуезов жарты ғұмырын сарп еткен сол бір университет – менің ҚазҰУ-ым еді. Бүгінгі әңгіме сол жайлы өрбімек.

Биыл менің ҚазҰУ-ыма 85 жыл! Қарап отырсаң бір адамның бүтін өмірі. Тамыры теренге жайылған қара шыңырақтың жайқалған жапырағы да аз емес. Небір ақын да, жазушы да, ғалымдар мен профессорлар да, тіпті бүгінгі күні ел мандайына ұстап мақтанатын тұлғалардың түр-түрі осы ұядан түлеп ұшқан. Аты аңызға айналған азаматтардың бәрін паракка тізбектемесем де, ауыз толтырып айтуыма негіз бар. Себебі, мен ҚазҰУ-дың студентімін ғой!

Менің ҚазҰУ-ым – менің мақтанышым! Менің бөлек атмосферам! Себебі неге білесіз бе?! Мен үнемі өз факультетімнің қасиетті табалдырығынан аттаған сәтте өзгеше күйге бөленемін. Тектілер жүрген ұзын дәлізде кадам басқан сайын, өзінді кызыл кілем үстінде кетіп бара жатқан Голливуд жұлдыздарындай сезінемін. Мен кірген әрбір аудитория ішінде қарар көзге үнсіз тұрған тас қабырғалардан, Зейнолла Қабдоловша жеткізсем, «жомарт табиғаттың жарық дүниеге тым сараң сыйлайтын біртуарларының» үні сайрап тұрған секілді. Жаңғырығы құлағымның түбіне келеді де тұрады. Осындай түсініксіз құбылыстарға көз жеткізген соң, кеуде тұсымды жудырығыммен ұрғылаймын. Оның бәрі бойдағы мақтаныш сезімі ғой, шіркін. Кімге мақтанбайсың, егер әлемге Абайды танытқан Мұхтар Әуезовтің демін жұтып жүрсен?!

Менің ҚазҰУ-ым – менің бастауым! Балалық шағымның іргетасы басқа жерде қаланғанымен, азамат шағымның аспаны осы жерден бастау алды ғой. Ауылдан келген жас баланы клубка емес, кітапханаға бағыттаған да, қаланың өміріне бейімдеген де, қара шаңырағымның қасиеті еді. Қасиеттілігі соншалық, Құдай Тағаланың табанына бітірген табиғатын айтсаңызшы?! Таң ата маңғаз таулардың арасынан сығалап шашыраған күннің нұры жүзіне шағылысқан сәтте, бетіне түскен бақыт нұры ма дерсін. Ал мандайыңды сипалап ескен самал жел – алыстағы анашынның

аялы алақанын есіне салады. Тұнық ауасы қандай тамаша?! Қарбалас өмірден еңсен езіліп келгенде, көзінді сәл жұмып, нәзік сезіммен терең дем алсаң, ойын баласындай бір сергіп қаласың. Бір сөзбен жұмақ мекен десем, артық айтқаным емес...

Менің ҚазҰУ-ым – менің арманым! Иә, бала кезімнен суретін тек газет бетінен көріп өскен мына мен, оның шынайы бейнесін көргенімде қандай күйде болдым десеніңші?! Сіз оны түсінбейсіз, ауызбен айтып жеткізу өте қиын ұлы сезім... Себебі, оның алыстан мешіт мұнарасындай көзге ұратын биік, әрі салмақты сұлбасы көрген адамды өзіне еріксіз тартары анық. Айналасындағы биікке өрлей өскен қарағайлар мен шыршаларға қарасам, биік ғимаратпен біте қайнасып жатқан, ол да бір тектіліктің белгісі деп білемін. Мен мектеп табалдырығында жүргенде, біреу арманымды сұраса, ҚазҰУ-дың студенті болсам, – деуші едім. Бүгін біреу келіп, арманың не десе, ҚазҰУ-дың оқытушысы болу, – деп ойланбай айтар едім.

Менің ҚазҰУ-ым – менің болашағым! Болашақ жайлы сөз қозғағанда Уильям Гибсонның «Бүгінгі күн болашақтың сұлбасы» деген қанатты сөзі есіме түседі. Иә, мен шынымен бүгінгі күні ҚазҰУ-да білім алу арқылы өз болашағымның сұлбасын сенімді жасай аламын. «Бұл заман білекті сенетін емес, білімге сенетін заман» – деп, Елбасымыз айтпақшы, заманға лайық тұлға болып қалыптасу үшін, әлбетте, білікті мамандар дәріс беретін, нағыз білімді қажет ететін оқу ордасы қажет. Ал мен оған лайықты сарқылмас білімнің кені деп ҚазҰУ-ды айтар едім. Жарқын болашағыма жарқын жол ашып, бағыт-бағдар ұсынатын, менің ҚазҰУ-ым, сенің де арманыңа, сенің де жұмағыңа, сенің де болашағыңа айналуы тиіс!

Қанат ЕРПОЛАТ,
*филология және әлем
тілдері факультетінің
I-курс студенті.
Назира ДОСАНОВА,
әдеби жетекшісі*



Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың биылғы 2019 жылды жастар жылы деп жариялауының өзіндік мәні жоғары. Себебі жастар қай кезеңде болмасын, өздерінің ерік-жігерлері мен мол мүмкіндіктерінің арқасында көптеген жетістіктерге жете білген.

ЕЛ ЕРТЕҢІ — БІЛІМДІ ЖАСТАР



«Жастар—еліміздің қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Қазақстанның болашағы сіздерге—сіздердің білімдеріңізге, күш-жігерлеріңіз бен патриоттық сезімдеріңізге байланысты. Қазір қолға алынған жұмыстардың бәрі сіздердің бақытты өмірлеріңіз, сондай-ақ өз әлеуеттеріңіз бен мүмкіндіктеріңізді толық жүзеге асыра алу үшін атқарылып жатыр» - деді Нұрсұлтан Назарбаев. Президент жастардың бүгінгі мен болашағына қамқорлық жасауды өз саясатының негізгі мәні деп санайды. Ол жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында жастар саясатын жетілдіру бойынша іргелі тапсырмалар беріп жүргені белгілі, өйткені жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады.

Бүгінгі Қазақстан — қалыптасқан мемлекет, үлкен геосаяси маңызы бар ел. Бірақ ең бастысы — ол орасан зор әлеуеті және өркендейтін болашақтың мекені. Қазақстанның 10-15 жылдан кейін қандай болатыны көп жағдайда мүлдем жана жағдайларда білім алып жатқан студенттерге, жастарға тікелей байланысты болғандықтан, Мемлекет басшысы жастарға ерекше басым көңіл бөледі, өйткені нақ осы ұрпаққа жана, қазіргі заманға сай Қазақстанда өмір сүріп, жұмыс істеу бұйырған.

Елбасының Қазақстан халқына арнаған «Қазақстандық жол-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында жастарға ерекше рөл берілетін іс-қимылдардың нақты жобасын ұсынған болатын. Бүгінгі таңда жана білім менгеру және жақсы мамандық алу бірінші орынға шықты. Президентіміздің республикамыздың алдына қойған әлемдегі ең озық 30 елдің қатарына кіру міндетін жүзеге асыру ісінде білім саласы елеулі рөл атқарады. Яғни, Елбасымыздың бұл ойлы сөздерінен астарлы ақиқатты ұғамыз.

Қоғамда болып жатқан әртүрлі өзгерістер жастар үшін орасан зор мүмкіндіктер екенін студенттердің санасына тереңнен жеткізіп, талқылау мақсатында Тарих, археология және этнология факультетінің "Кітапхана ісі" мамандығындағы 1 курс студенттеріне ашық дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел тақырыбы тікелей жастар жайлы өрбіп, студенттер өз ойларын ашық түрде ортаға салды.

Шара барысында топ студенті Айна Абулкаримова "Жастардың қоғамдағы рөлі" атты баяндамасын оқыса, Нұрсұлтан Ақыпбаев, Қанат Алтынбеков сынды студенттер жүрек жарды жырларын арнады. "Кітапхана ісі"

мамандығында оқып жатқан бұл студенттер өз мамандықтары арқылы еліміздің кітапхана ісіне көп көңіл бөліну керектігін айтып, болашақта жүзеге асырғылары келетін жоспарларымен де бөлісті. Келіп көрермен болып, өз пікірлерін білдірген факультет ұстаздары жастарға берілген мүмкіндіктерді жан-жақты пайдалану керектігін атап айтты.

Елбасы Н.Назарбаев: «Әр адамның бойына жұмыс істей білу, оқып-үйрене білу, өмір сүре білу, қазіргі әлемде өмір сүре білу қасиетін сіңіру керек», — деген қанатты сөздеріне орай, казак жастарын білімге бағыттап, төл тарихын жетік білетін, бағалайтын және мақтан ететін өскелең ұрпақты ұлттық өркеніетті рухта тәрбиелеуге белсене атсалысуға міндеттіміз.

Л. АЛИЯРОВА,
А. ХАЛЕНОВА,
филология және әлем тілдері факультетінің аға оқытушылары

Қазіргі таңда 7,53 миллиард адам біздің планетамызда өмір сүруде. Жер бетіндегі адамдар саны тұрақты түрде артып келуде. Ғылыми демографтардың болжамдарына сәйкес 2050 жылы ең аз дегенде 2 млрд. адамға көп болады.

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ МАҢЫЗДЫ

6 саланы бөліп көрсетуге болады. Кем дегенде жақын 20-30 жыл аралығында. Олар: медицина; білім беру; жылжымайтын мүлік; үй шаруашылығы; қонақжайлылық; арнайы кызметтер.

Медицина, білім беру және жылжымайтын мүлікпен барлығы түсінікті. Үй шаруашылығы дегеніміз тұрмыстық әрекеттер ғана емес, сонымен қоса отбасылық бюджетті жоспарлау, үйдегі жайлылықты қамтамасыз етудегі шешімдер қабылдау, тиімді тұрғылықты жерді таңдау және т.б. Қонақжайлылық дегеніміз қонақ үй, мейрамхана және туристтік менеджмент, сондай-ақ ойын-сауықтыру индустриясы жатады.

Болашақты айтар болсақ, жақын жарты ғасырда IT-технологиясы саласындағы эксперттер жоғары сұранысқа ие болады. Бұл жоғары бағаланатын мамандық қазіргі таңда да өте танымал. Онлайн жүйеге барлығы өтеді — білім беруден бастап сайтқа дейін. Жүйеде жүрген барлық компанияларға біреу қызмет көрсетуі қажет. Құрастырушылар ағылшын тілін және бірнеше программалау тілдерін жетік менгеруі қажет. Веб-дизайнерлер де танымал болады. Сайттар және әлеуметтік желілермен айналысушы мамандар да сұранысқа ие болады. Компьютер және интернет-процестеріне қатыстының барлығын осы топқа жатқызуымызға болады.

Энергияға деген адамдардың сұранысы ешқайда кетпейді. Ондаған жылдардан кейін мұнай-химиялық өндірісінің инженерлері сұранысқа ие болады.

Ештегенге қарамастан мұнай қазіргі таңда да әлемде негізгі энергия көзі болып саналады. Алайда уақыт өте оның қоры қиын қол жетімді болып барады. Мұнайшыларға болашақта шапқылаған ұңғымаларда емес мұнай қиыршықтары мен қайраңдардағы

кен орындарында қызмет етуге тура келеді. Әлемдегі көмірсутек қорының шектеулі болуы келесі мамандықпен байланысты.

Баламалы энергия көздерінің эксперттері. Қазіргі таңда табиғат күшімен өндірілетін электр мөлшері жалпы санның 5%-на жақындайды. Күн, жел және мұхит көтерілуі Еуроодақты 6% және америкалық Калифорния штатын 20% энергиямен қамтамасыз етеді. Әзірге әлемде осы сала мамандарына жоғары емес, ал Қазақстанда бірнеше компания ғана «жасыл» энергия алуға қондырғылар орнатады, алайда жүзжылдық ортасында баламалы энергия көздерін өндіру қажет болып қалуы мүмкін.

Кейбір ғалымдар ширек ғасырда энергия мәселесі минимальді болып, ал тағамдар барлығына жетпеуі мүмкін деп жобалайды. Осыған байланысты көп жұмыстар селеционерлерде болады: оларға аз уақытта көп өнімді алуды ойлап табуға тура келеді. Ауыл шаруашылығында олар жана сорттар мен түрлер ойлап тауып, инновацияны жүзеге асырады.

Сонымен қоса өмір қалалар арасында араласып жалғаса береді. «Урбанист» сөзі қазіргі таңда қалалық өмірді жақсы көруші дегенді білдірсе, бірнеше ондаған жылдардан кейін танымал мамандық осылай аталуы мүмкін. Архитектор логистикалық көрінуімен немесе логист архитекторлық білімімен. Қалалық ортаның дамуымен өмір сүру және қызмет ету қолайлы болатын маман.

М. АСЕМБАЕВА,
ф.-м.ғ.к., жылуфизикасы және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы;
А. НУРМУХАНОВА,
т.ғ.к., жылуфизикасы және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы

«ШЫРАҒЫҢ СӨҢБЕСІН»

«ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының ұйымдастыруымен №9 студенттер үйінде өткен, қазақ көркем прозасының майталман шебері, туа біткен дарынды ақын – Тахауи Ахтановтың «Шырағын сөнбесін» атты романы желісінде өткізілген кеш ойдағыдай сәтті өтті.

Қазақ көркем прозасының майталман шебері Тахауи Ахтанов — қазақ әдебиетіне соғыстан кейін келіп қосылған ұрпақтың өкілі. Т.Ахтанов әдебиетке жаңа келген көптеген қаламгерлер сияқты шығармашылық жолын өлеңмен бастаған.

Ақиқат анықтамаға жүгінсек, Т.Ахтанов қаламынан туған дүниелердің барлығына да биіктік пен тереңдік тән екенін айтар едік. Т.Ахтанов драматургиясы режиссер болмысының қойылмды дайындау процесі кезіндегі атқаратын функциясын айқындаумен бірге, ерекше эстетикалық идеялармен қаруланған, эпикалық драмаларды дүниеге әкелді.

Тахауи Ахтанов қаламынан туған бітімі бөлек, кез келген режиссердің оң жамбасына келе бермейтін драмалық шығармалар да аз емес. «Ант», «Ана дауысы», «Боран» тәрізді жұмбақ мінезді, қатпары қалың драмалардың сахналық тағдыры туралы пайымдасақ, олардың қай-қайсысы болмасын, өз биігіне болашақта басқаша тұрғыда шығуы, режиссерлердің қолында. Ол өмір-өнерге әкелген жүздеген кейіпкерлер, алуан бейнелер бұл күнде ұлтымыздың асыл қазынасына айналды. Т.Ахтанов есімі бүгінгі ұрпақ үшін әдебиеттегі шыншылдық пен әділдіктің синонимі іспеттес.

Осы секілді қазақтың қайсар ұланы, жалынды жырларымен әрбір қазақтың жүрегінен орын таба білген Тахауи Ахтановтың шығармалары осы кеште тереңірек қозғалып, студенттердің қызығушылығын арттырды. Әсіресе, ақынның прозадағы үшінші көлемді туындысы — «Шырағын сөнбесін» романы өте ерекше әсерге бөледі. «Шырағын сөнбесін» романы — қазақ әдебиетінің әскери жанрадағы санаулы жәдігерлерінің бірі десек те қателеспейміз. Романда Т. Ахтанов Ұлы Отан соғысы тақырыбына, қайта айналып соғып, оның шытырман соғыс қасіретінің сұмдығын әр қырынан ашып көрсетеді. Қанды қырғынның адам басына салған ауыр нәубеті еріксіз ойландырады. Қазақ әйелі Нәзира бейнесін кестелеу арқылы талай ойлар айтылған. Адамның өмірі үшін күресі бас қаһарманның бастан кешкендері арқылы әсерлі ашылады. Бұл — психологиялық пландағы роман деп те айтуға болады.

Кеш барысында студенттер өз ойларын ортаға салып, ақынның біртуар еңбектеріне шолу жасады. Әрі қызықты ойындарды ұйымдастырып, ақын туралы қозғалмай кеткен қыр-сырларын ашып, кеш қонақтарына таныстырылды. Осылайша, Т.Ахтанов шығармалары мен өмір жолы толық ашылып, түрлі қызықты пікірлер ортаға салынып, кеш қонақтары да барынша қызықты өткізуге атсалысты. Өз шығармаларында уақыт шындығын өткір сезініп, жана проблемаларды, мінездер тартысын көнігі шеберлікпен терең бейнелей білген, қазақ драматургиясына да өзіндік үлес қосқан қаламгер туралы кеш үлкен тебіреніспен өз мәресіне де жетті.

ҚазҰУ — талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған мекен. Сыйластық пен шынайы достықтың мекені, ҚазҰУ — ғашықтардың мекені. ҚазҰУ — адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін мекен. Бұл тұрғыда, университет жастарының жалынды, жігерлі, білімді, өнерлі, һәм білімпаз екенін алға тартуға болады.

Мағжан Жұмабаев айтқандай: «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, Мен жастарға сенемін!», — дегені мұндай айбатты, жолбарыстай қайратты жастардың отаны — Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

Н. ХИБИНА,
з.ғ.к., аға оқытушы



Жастар жылынан не күтесіз?

«Біз Қазақстанның болашағы саналатын жастарды қолдауымыз керек. Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау – мемлекеттік саясаттың басымдылығына айналуы тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынамын», – деді Елбасы Н.Ә. Назарбаев. «Айналады нұрландыр» жобасы аясында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің метеорология мамандығының 1-курс магистранттарының арасында «Жастар жылынан не күтесіз?» атты тақырыпта кең көлемде дөңгелек үстел болып өтті.

жаңа формацияның жас толқыны өсті. Ел Президенті мен мемлекет оның қалыптасуына және дамуына көп үлес қосты. Мемлекет тәуелсіздігін нығайтудың жауапкершілігі мен интеллектуалды ұлт қалыптастыру және әлемдік деңгейде ұлттымыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда жастарға аса зор жауапкершілік пен үлкен үміт жүктеледі», – деп атады.

Дөңгелек үстелді философия және саясаттану факультетінің жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры Назираш Сүлейменқызы Жұбаназарова, академик Ғалым Мұтановтың «Биік асулар жолында» атты мақаласында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім беру кеңістігінде өзінің лайықты орнын алып, жоғары білім саласындағы әлемдік көшбасшы университеттің біріне айналғандығын айта келе, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында және Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласының басты тұжырымдарын ұстаным тұтқан ұлттық университеттің маңызды міндеті – тек бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау ғана емес, сонымен бірге еліміздің ертеңгі тұлғаларына айналар жас ұрпақтың рухани болмысын қалыптастыру. Әл-Фараби атап өткендей: «Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» деген ойдың негізінде студенттердің бойында білім мен тәрбие қатар ұштастырылуда – деп өз ойын тұжырымдады. Мемлекеттің болашақта әрі

қарай дамуы мен гүлденуі тікелей жастарға байланысты болатындықтан, қоғамның белсенді буыны, елдің ертеңі жастардың тәрбиесіне баса көңіл аударуды уақыт талап етуде екендігін атап айтты.

Сонымен қатар география және табиғатты пайдалану факультетінің, метеорология және гидрология кафедрасының доценті, география ғылымдарының кандидаты Айман Нысанбаева, жастар – кез келген мемлекеттің ең белсенді бөлігі, қоғамның қозғаушы күші, сондықтан ел тірегі – жастар екенін әсте естен шығармаған абзал. Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруі жолында жастардың атқаратын рөлі зор екендігін атап айтты, Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында отандық тарихты дамытудың жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсетеді. Бұл туынды Президентіміз айттып кеткендей, оның «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының тікелей жалғасы болып табылады. Сондықтан біз төл тарихын жетік білетін, бағалайтын және мақтан ететін өскелең ұрпақты ұлттық өркениетті рухта тәрбиелеуге белсене атсалысуға міндеттіміз – деп өз ойын тұжырымдады.

Дөңгелек үстел барысында магистранттар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтановтың «Биік асулар жолында» атты мақаласын кеңінен талқылап өз ойларын ортаға салды. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың келесі жылды «Жастар жылы» деп белгілеген соң бұл жыл әрине,

жастар қауымы үшін жақсылыққа толы болатындығын, соның ішінде жастардың баспаналы болуына мүмкіндік көбейсе, тұрмыс сапасы артуының нақты көрінісі боларын, «Болашақ» бағдарламасымен шетелге шығып, білімін жетілдіруді көздеген жастарды қолдау туралы пікірлерімен бөлісті.

Сонымен қатар, метеорология мамандығының I курс магистранттары 2019 жылдың «Жастар жылы» деп белгіленуі – біз үшін үлкен мәртебе екендігін атап айтты, осы жылы «Ауыл–еліміздің алтын бесігі» жобасын жүзеге асыруды ұсынды. Осы жобаны жүзеге асыру құжаттарында ауылдағы жастар мәселесін арнайы бір бағыт етіп енгізілуін, ауыл жастарының жағдайы, олардың спорт, мәдени-рухани шаралармен қамтылуы, бос уақыттарының тиімді ұйымдастыруы күні бүгінге дейін шешімін таппаған мәселелер шешілсе нұр үстіне нұр болатындығын айта кетті және бұл мәселені шешу жолдарын «Жастар жылы» аясында іздестіретіндігіне сенімін білдірді.

Дөңгелек үстелге қатысушылар өз тараптарынан жасалған пікірлері мен ұсыныстары жастар жылында үлкен қолдауға ие болады деп үміт артты.

Н. ЖҰБАНАЗАРОВА,
*философия және саясаттану факультеті,
жалпы және қолданбалы психология
кафедрасының профессоры*

ҚазҰУ-да қазақ тіл білімі кафедрасының ұйымдастыруымен «Мен – қазақпын» атты жыр байқауы өтті.

ҰЛТТЫҚ РУХТЫ КӨТЕРДІ

оза шапқандары өте көп болды. Осы кеште «Мен – қазақпын» поэмасының қазақтың рухына сөзбен тұрғызылған ескерткіш екенін жастар тағы бір дәлелдеді.

Биыл ҚазҰУ-дың құрылғанына 85 жыл толуына байланысты байқауда үздік өнер көрсеткен талапкерлерге мерейтойлық осы санмен астастырыла 85 жүлделі орын (I, II, III орындар және алғыс хаттар) тағайындалды.

Кафедра аясында құрылған «Лингвоарна» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Қаншайым Қарабаева ерекше көзге түскен оқушыларға ақшалай, заттай сыйлықтар табыстады.

Кәсіби бағдар жүргізу жұмыстарының негізінде биыл мектеп бітіретін түлектерге, еліміздегі маңдайалды оқу орны ҚазҰУ-ге оқуға түсулеріне игі тілектер айтылып, оларға университет қалашығы мен кітапхана мұражайын аралауға мүмкіндік жасалды.

Жүзден астам үміткер қатысқан, екі кезеңнен тұрған үлкен шараны ұйымдастыру жұмыстарына кафедра мүшелері түгелдей атсалысты. Оның ішінде, әсіресе кафедраның доценті Аширова Анар Тишибекқызының, Ернұр Сағатбек, Әсем Нұрмахан, Талғат Рамазанов сынды жас оқытушылардың қосқан үлестері зор болды.

Арнау айтылып, қонаққәде ретінде оқушылардың өз өнерлерін тарту еткен, әнмен, күймен астасқан поэзия кеші оқушылардың ойында ұзақ сақталары сөзсіз.

Алтынай ТЫМБОЛОВА,
қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі

«Жетісу жауһарлары»

"Батыр бабалар" мемориалды музейі меңгерушісі Әлім Орынбасар «Археология, этнология және музеология» кафедрасында Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында «Жетісу жауһарлары» атты ғылыми-танымдық дәріс өткізді. Аталмыш ашық талқылау дәрісіне біз, «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығы мен «Археология және этнология» мамандығының студенттері қатысып, оның қызықты өтуіне атсалысты.



Дәрістің бірнеше басты мақсаттары болды, оларды атап өтсек, біріншіден, Елбасы мақаласында айтылған әлемге әйгілі «Алтын адам» және сақтар мәдениетінің үздік жетістігі – «аң стилі» жайлы баяндау болса; екіншіден, дәріс оқу үшін келіп отырған қонақтар музейі – Батыр бабалар музейін таныстыру, оның ғылыми жұмыстарын насихаттау болды.

Дәріс барысында студенттерге арнайы дайындалған слайдтар және музей қорындағы «Алтын адамға» қатысты артефактілердің фото-суреттері, экспонаттар көрсетіліп, таныстырылды. Ұсынылған фото-материалдардан студенттер тек 1969 жылғы Есік қорғаны жайлы ғана емес, сондай-ақ,

1988 жылы Кеген ауданы, Жалаулы ауылынан кездейсоқ табылған бірегей артефактілер және 1939 жылы Жамбыл облысынан табылған аң стиліндегі бұйымдар жайлы толық мағлұмат алды.

Студенттер атынан Батыр бабалар музейінің жетекшісі Орынбасар мырзаға және оқытушымыз Құралай апайға қызықты және пайдалы дәріс үшін алғыс білдіргіміз келеді.

Азиза НҰРКАПАРОВА,
*музей ісі және ескерткіштерді
қорғау мамандығының
3 курс студенті*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІПТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА,**
Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, II-қабат, №104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана

Тапсырыс: №352

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.